



Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округі Бидайық ауылының атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 12 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 наурызда № 7191 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2 тармағына сәйкес, 2020 жылғы 29 желтоқсандағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Бидайық ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес Бидайық ауылдық округі Бидайық ауылының келесі атауы жоқ көшелеріне атаулар берілсін:

№ 1 атауы жоқ көше – Мәңгілік ел көшесі;

№ 2 атауы жоқ көше - Ахмет Байтұрсынұлы көшесі;

№ 3 атауы жоқ көше - Ғабит Мүсірепов көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бидайық ауылдық округінің әкімі


Т. Куйшбаева

2021 жылғы 19 наурыздағы

№ 12 шешіміне

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округі Бидайық ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы схемалық картасы



Бидайық ауылдық округінің әкімі

Т.Куйшбаева